

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ – ЖАҢА БІЛІМ МЕН ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ СЕРПІЛІС

Булекбаева Жумаш Советовна  
Ермагамбетова Меруерт Кайыркенқызы  
Нугуманов Агыбай Карынович  
Тасанова Гульмира Мухамеджановна  
Ы.Алтынсарина атындағы дарынды  
балаларға арналған мектеп-интернаты

### *Аннотация*

*Бұл бірлескен жұмыстың кіріспе бөлімінде Қазақстан Республикасындағы білім берудің мазмұнын жаңарту бойынша мәселелер көрсетілген. Жаңартылған білім мазмұнына көшу – ұрпақтың сұраныстары мен өмір талаптарына сай құру мақсатында табылатын ең басты көрсеткіші ретінде қарастырылған.*

### *Аннотация*

*В введении данной совместной работы рассмотрены проблемы перехода в РК на обновленное содержание образования. Одной из главных причин перехода на обновленное содержание образования является спрос поколения и требования времени. В основной части работы на основе анализа особенностей и целей учебной программы определены ценности и навыки, необходимые современному ученику.*

### *Abstract*

*RelevaIn the introduction of this joint work there were considered the problems of transition of the Republic of Kazakhstan to renovating content of education. Main reasons of transiting to the renewed content of education are generation's demands and requirement of the time. In basic part on the basis of features and aims' analysis there were defined values and skills which are necessary for the modern student.*

***Түйінді сөздер:*** Жаңартылған білім, құндылық, дағды, спиральді қағидат, рухани жаңғыру, адами капитал, функционалдық сауаттылық, зияткерлік, жаһандану дәуірі.

***Ключевые слова:***Ценность, привычка, спиральный принцип, человеческий капитал, функциональная грамотность, эпоха глобализации, интеллектуальность

***Keywords:*** Renewed education, values, habits, spiral principle, spiritual awakening, human capital, functional literacy, intellectuality and globalization of epoch.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш екенін ескерсек, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, жаңғырудың алты бағытын белгілеген. Соның ішіндегі төртінші бағыты – білімнің салтанат құруы. «Болашақта ұлт табысты болуы – оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғ. лайықты қасиеттерге ие болуы керек», - деп нақты атап өтті Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев.

Білім беру – тамыры тереңде жатқан, ұлт пен дінге бөлінбейтін, бір күн немесе бір жылда көрінбейтін құндылық. Жалпы жұртшылыққа ортақ игілік. Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін – тек қана білім. Білім мен ғылымға қояр талап артып, оқу жүйесі күрделенген қазіргі күнде жаңа қоғам және бүгінгі заман мұғаліміне жүктелер жауапкершілік те еселене түсуде. Нағыз ұстаз – шәкірт жанына үңіліп, дұрыс жолға сала білуі де қажет. Азаматтық болмысы, кәсіби біліктілігі осылайша сомдалған маман ғана әлеуметтің әлеуетті шырақшасына айналып, адами капиталды дамытуға сүбелі үлес қоса алады.

Білім саласының барлық құрылымдарындағы педагог қызметкерлерінің оқыту мен тәрбиелеудегі әдіс-тәсілдерін түбегейлі өзгертіп, жас ұрпақтың сұраныстары мен өмір талаптарына сай құру мақсатында білім жүйесін модернизациялау арқылы «Жаңартылған білім мазмұнына» көшу шаралары жүргізіліп жатқаны баршаға аян.

Егеменді еліміздің алдыңғы қатарлы 30 мемлекеттің қатарына қосылуға табандылықпен жылжу саясаты қоғамымыздың барлық саласында түбегейлі өзгерістер енгізіп, жаңа талаптар қойылып отыр. Соның ішінде болашақ ұрпаққа әлемдік деңгейде білім беру мақсатына орай білім мазмұнына жаңаша қарау – басты міндеттердің бірі. Қазіргі кезде білім берудің жаңа жүйесінің жасалынуы, білім мазмұны мен әдіс-тәсілдерінің жаңаруы - бәсекелестікке қабілеті мол, шығармашылық бағытта еңбектенетін, ой қабілетімен ерекшеленетін азаматты тәрбиелеуді көздейді. Сапалы білім – ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады. Бүгін мектеп партасында отырған бүлдіршіндер – ертең ел тағдырын шешетін азаматтар. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету – мұғалімнің басты міндеті.

Мұғалім мамандығы тоқтамайтын, іштей қайшылықтар әлемі. Ол ескішілдік пен жаңашылдық, адам қоғамының және ойдың қозғалысы, дәстүрлерді сақтау үрдісі және өзіне тұрақты кешегіні мойындамау тайталастығынан тұрады. Ал қазіргі ақпараттандыру технологиялары ғасырында уақыт ұстаздардан өздерінің міндеттерін өзгертуін талап етуде.

Бұрын мұғалімнің негізгі функциясы тәжірибені тарату болса, қазіргі заманауи мектепте олардан міндеттерді жобалау және әрбір оқушыны жеке және зияткерлік мүмкіншілігі бойынша дамуын басқару талап етілуде. Осы мақсатта оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтердің іс-тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Заман талабына сай сабақ беру әдіс-тәсілдері де жаңарып, жаңаша технологиялар мен модульдер анықталуда. Барлық модульдің көздеген мақсаты – оқушыларды өзін-өзі реттеп, бағалап, бақылауға, ойларын ашық айтып, өздері шешім қабылдап, бір-бірімен пікір таластыруға үйрету. Аталмыш бағдарламаның мәні – баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «өмірмен байланыс» ұғымына құрылған.

Жаңартылған білім мазмұнының курсынан өткен Қостанай қ. Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының жаңашыл ұстаздары – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері – сабақ барысында әрбір оқушының көңілінен шығып, оқудың аясына баурап отырады. Оқытудың әрбір күнінде өтілетін тақырыптардың ашылуы – оқушылардың өздерінің іс-әрекеті мен талқылауы барысында қойылған мақсатқа жетіп отырумен тартымды бола түскен еді. «Оқытудағы жаңа мазмұнды әдістерді» үйрету арқылы нақты тақырып аясына қарай тереңдей түскен сабақтарда оқытудың SMART мақсаттарына жетудегі іс-әрекеттер жүйелілігі көрер көзге анық байқалады. Оқушылардың қызығушылықтарын ояту арқылы жүргізілетін топтық, жұптық жұмыстар олардың білімдерін толықтырып қана қоймай, сабақ барысында жаңа әдіс-тәсілдерді меңгерулеріне тиімділігін танытты. Сонымен қатар суммативтік және формативтік бағалауды іс-тәжірибелерін де қолдануда. Мектеп ұстаздары сабаққа дайындық кезінде үнемі ізденісте, өйткені, оқушыларының әрбір жұмыс кезеңдерінің нәтижелері мен мүмкіндіктерін болашақта көрсе деген ойда. Формативтік бағалау оқушыларға өздігінен, топта жұмыс істеу және қазақ тілі пәніне қызығушылықтарын оятты. Олардың өзара жәрдемдесу, ұжымдық сезімдері арта түсті. Оқушылармен бірігіп, әр тапсырма түрінің критерийлік бағалауын жетілдіріп отырады. Қазақ тілі пәні мұғалімі ретінде үнемі оқушылардың ауызша мен жазбаша сөйлеу дағдыларының дамуына көп көңіл бөле отырып, рефлексия кезеңін де жиі қолданып, берілген тапсырмалардың меңгеру деңгейін бақылап, көмектеседі.

Әр пәннің өзінің жеке сөйлеу стилі бар, оны нақты пәннің «академиялық тілі» деп атауға болады. Тілдік мақсаттар академиялық тілді үйрену үшін маңызды құрал болып табылады. Оқушылардың өздерінен қандай нәтиже күтілетінін түсінуі тілдік мақсаттардың анық құрылуына байланысты. Сондай-ақ, тілдік мақсаттар мұғалімдер мен оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырып, қолдауына көмектеседі. Пән мұғалімдері оқушылардың пән мазмұнын меңгеріп, академиялық тілді дамытуына қолдау көрсетеді.

Білім мазмұнын жаңарту аясындағы «Қазақ тілі» пәнінің орны ерекше. Өйткені қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. «Қазақ тілі» пәні жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктеріне пән мазмұнының спиральділік қағидатқа құрылуын, оқу мақсаттарының Блум таксономиясына негізделуін, пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында «ортақ тақырыптар» қамтылуын, бөлімдер мен ұсынылған тақырыптардың мазмұны уақыт талабына сай негізделгенін айтуға болады. Ең алдымен, қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік дағдыларды, атап айтқанда, тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым дағдыларын сауатты қолдануға үйретеді. «Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасы білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін және шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу мәселесін жүзеге асыруға маңызды үлес қосады. Қазақ тілін пән ретінде оқытуда оқушылардың ұлттық дүниетанымын кеңейтетін, шығармашылық ойлауға төселдіретін, айналадағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауды үйрететін, оны тұлға ретінде әлеуметтендіруге мүмкіндік беретін қазақ тілінің танымдық, қатынасымдық және кумулятивтік қызметтерін меңгерту, оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеу және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту – басты нысанасы болып табылады.

Білім мазмұнын жаңарту – ұрпақты жаһандану ғасырында алпауыт елдермен алыса білетін, ел мүддесі жолында еңбек ете білетін саналы да салауатты етудің негізі, бастауы.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында халқымыздың ұлттық құндылықтары мен мәдениетін жаңғырту, оларды заманға сай одан әрі дамытып, бүгінгі ұрпақтың санасы мен тұрмысына сіңіру арқылы жаңа ғасырдың жаңа ұрпағын қалыптастыру арқылы ұлттық құндылықтарды сақтауы керектігі талап етіледі.

Білім беру мазмұнын жаңарту – заман талабы. Қазіргі таңда оқушылардың құзыреттілік біліктерін, алған білімдерін шынайы өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана білу қабілеттерін дамыту мәселесінің маңыздылығы арта түскені айқын. Оқытудың әдіс-тәсілдері әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру, әлемдік білім кеңістігіне ену – білім беру процесінің негізі болып табылады. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі – спиральді қағидатпен берілуі. Спиральді білім беру бағдарламасының мазмұны: тақырыптар әртүрлі деңгейлерде қайталанып отырады, кейде бір тоқсан аясында, кейде бірнеше тоқсанда, тақырыптар әрбір деңгейде анағұрлым тереңдетіліп оқытылуы тиіс, деңгей жоғарылаған сайын, тақырыптың күрделілігі артып отырады.

Бағдарламаның негізгі міндеті – мұғалімге педагогикалық тәжірибесін бағалауды және жаңалықтар енгізуін үйрету. Оқушылардың бойына ХХІ ғ. өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдерге тынымсыз еңбектену қажет. Елбасы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында білім саласына байланысты «Орта білім жүйесінде орта

мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек», - деген еді. Бүгінде сол Жолдауы жүзеге асырылып, білім саласында үлкен өзгерістер болып жатыр. Соның бірі – орта білім беру мазмұнының жаңаруы. Бүгінгі күні әлемдегі барлық елдер жоғары сапалы да нәтижелі білім жүйесіне ұмтылуда. Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақсы тұстары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Жаңартылған оқу бағдарламаларын оқушылардың бойында қалыптастыру - көзделетін төмендегідей құндылықтар мен дағдылар анықталады. (Кесте).

Құндылықтар	Дағдылар
● шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;	● сын тұрғысынан ойлау;
● қарым-қатынас жасау қабілеті;	● білімді шығармашыл тұрғыда қолдана білу қабілеті;
● өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау;	● проблемаларды шешу қабілеті;
● жауапкершілік;	● ғылыми-зерттеу дағдылары;
● денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету;	● қарым-қатынас дағдылары;
● өмір бойы оқуға дайын болу.	● жеке және топта жұмыс істей алу қабілеті
	● АКТ саласындағы дағдылар.

Қазіргі заман елдің бәсекеге қабілеттілігі экономикасының дамуына қатысты болса, ал мемлекеттің дамуы – сол елдің азаматтарының білімділігі мен біліктілігіне байланысты. Сондықтан білім беру жүйесін болашақтың талабы мен мүддесіне сәйкес дамытуымыз керек. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын игі бағдарлама. Жаңартылған білім беру бағдарламасын іс жүзіне асырудың алғы қадамдары қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, өздігінен зерттеу жұмыстарын жүргізу, теорияны тәжірибемен байланыстыру, алған білімдерін өмірде қолдана алу, ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану, тілдік дағды бойынша коммуникативтік ортаны құру, жеке, жұппен, топта, үштікте жұмыс жасай білу, функционалдық сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті оқыту әдіс-тәсілдерін меңгеру болып табылады.

Білім беру мазмұнын жаңарту – «білім» және «шеберлік», оқу үдерісін дұрыс талдау, білім беру сапасын және оқытудың жаңа технологияларын пайдалану мүмкіндігін жақсарту, жүйелі тәсілдерді ұғымдардың мағынасына жаңа көзқарас болып табылады. Жаңа білім беру мазмұны бағдарламасында критериалды бағалау арқылы бағалануы оқушылардың оқу жетістіктерін нақты айқындап, оқу үдерісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі, бастауыш білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сай критерийлермен салыстыруға бағытталған бағалау үдерісі.

ҚР білім беру саясаты жастарға заман талаптары деңгейінде білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған. ҚР Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауында білім беруді әлемдік стандарттар деңгейіне көтеру, жастардың рухани дамуын қамтамасыз ету міндеттері қойылған болатын. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Елімізде білім беру жүйесінің басты мақсаты – қазіргі таңдағы білім беру мазмұнын жаңарту арқылы еліміздің орнықты дамуын қамтамасыз ете отырып, дамыған елдердің көшіне ілесу. Болашақ ұрпақтың танымдылық белсенділігін дамыту – ақыл-ой тәрбиесінің бір міндеті ретінде күні бүгінге дейін күн тәртібінен түспей келеді. Таным үрдісі – өте күрделі үрдіс. Ал оқушылардың таным белсенділігі

артуының негізгі шарты – проблемалық оқыту. Алдымызға қойған проблеманың басты мақсаты – оқушылардың таным белсенділігін, ойлау қабілетін сабақ үстінде және сабақтан тыс уақыттарда арттыру, өз бетінше еңбектену білуге дағдыландыру.

Әлемдік тәжірибе бойынша тілді тиімді меңгерту – төрт дағды арқылы жүзеге асырылады. Оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым дағдылары коммуникативтік дағдылар болып табылады. Аталған дағдылардың әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен үйрету жолдары, яғни, ерекшеліктері бар. Сабақ барысында аталған дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, тілді тиімді меңгеруге септігін тигізеді. Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «XXI ғ. дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді.

Қазақстанда бәрімізге тең құқық берілген. Білім алғысы келетін адамдардың бәріне жақсы мүмкіндік бар. Қазақ елінің абыройын асырып, мерейін үстем етер, әлем таңқалар, талай-талай жаңалық ашар білімділер керек. Осы Тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінгімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенін сезінейік.

Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мақсаты – оқушы алған білімін өмірде пайдалана білу. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі – «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған, «ойнай отырып, ойлан» ұстанымынан тұрады. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.

Бүгінгідей жаһандану дәуірінде білім мазмұнын жаңарту жағдайындағы мақсаты – өз білімі мен мәдени деңгейін үздіксіз арттыру мүмкіндігі бар, өзіне және қоғамға пайда келтіруге қабілетті, өзгермелі заманда табысты бола алатын жоғары адамгершілікті, шығармашыл, сыни ойлайтын тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және дамыту. Егер оқытудың дәстүрлі моделінде берілген тапсырмаларды мезгілінде орындаған білім алушы жақсы оқушы деп есептелсе, жаңарған білім мазмұнында алдыңғы орында жігерлілік тұрады, ол өмірде табыстылық, ұтқырлық, түрлі мәселелерді шешу даярлығына кепіл бола алады. Заманауи білім беру – негізгі қызметі Отанын сүйетін, тұлға үшін маңызды адамгершілік-құқықтық және саяси білімдерді, дүниетанымдық және мәдени құндылықтарды меңгертуге бағытталған демократиялық қоғам мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін практикада іске асыру қабілеті және даярлығы бар мемлекет пен қоғам мүшелерін оқытатын және тәрбие беретін жүйе. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, білім беру саласындағы ауқымды өзгерістерді мектеп, отбасы ынтымақтастықта, бір-біріне қолдау көрсетіп жүзеге асырғанда ғана нәтижелі болмақ. Жаңартылған бағдарлама бізге креативті және шығармашыл мұғалімдерді, сын тұрғысынан ойлайтын оқушыларды, қызықты және қайталанбас оқу процесін береді. «Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» - жаңартылған бағдарлама – уақыт талабы. Бүгінде алдына мақсат қоя білетін, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу – біздің, яғни, мұғалімдердің еншісінде. Ал, білім беру жүйесіндегі өзгерістер осы нәтижеге қол жеткізуге өз септігін тигізеді деген сенімдеміз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал – «Қазақ тілі мен әдебиеті орта мектепте» № 4, шілде-тамыз 2017 ж. [ 2 бет ];
2. Республикалық «Білім кілті» журналы, №10, (112) 2017 ж. [ 9-10 бет ];
3. Республикалық ақпараттық-әдістемелік журналы – «Білімдегі жаңалықтар»
4. №4, (60) 2017 ж. [ 7-10 бет ];
5. ҚР Президентінің 2014 ж. 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы -2050: «Бір мақсат – бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы;

6. «Учительская плюс» газеті, № 47, 24 қараша 2017 ж. [ 9 бет ];
7. «Учительская плюс» газеті, № 47, 24 қараша 2017 ж. [ 21 бет ];
8. «Учительская плюс» газеті, № 49, 8 желтоқсан 2017 ж. [ 19 бет ];
9. «Білімді ел» газеті - «Оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту» 16 тамыз, 2016 ж. № 15.52;
- 11.«Білімді ел» газеті, № 44,28 қараша 2017 ж. [ 6 бет ];
- 12.«Білімді ел» газеті, № 43,21 қараша 2017 ж. [ 23 бет ];
- 13.«Білімді ел» газеті, № 47, 19 желтоқсан 2017 ж. [ 14 бет ];

## **ОБНОВЛЕНИЕ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА**

Валеева Динара Султановна,  
КГУ «Средняя школа № 1 имени Димитрова»  
отдела образования акимата Федоровского района»,  
село Федоровка

### **Аннотация**

*Бұл мақаланың мақсаты – мұғалімдерді білім беруді жаңарту курстарында оқытудың өзектілігін көрсету, себебі оның нәтижесінде білікті, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына жағдай жасалады.*

### **Аннотация**

*Цель данной статьи показать актуальность обучения учителей на курсах по обновлению образования, так как в дальнейшем это позволяет создать условия для формирования и развития образованной, конкурентоспособной личности.*

### **Abstract**

*The goal of this article is to show the urgency of teaching teachers in courses on updating education, in order to create the conditions for the formation and development of an educated, competitive personality in the future.*

**Түйінді сөздер:** *жаңғырту, бәсекеге қабілеттілік, құзыреттілік, жаңарту, тәжірибе.*

**Ключевые слова:** *модернизация, конкурентоспособность, компетентность, обновление, практика.*

**Keywords:** *up-grade, competitiveness, competence, renovation, practice.*

Современные преобразования в стране, быстрая информатизация общества и динамичность кардинально меняют требования к образованию. Президент страны Нурсултан Абишевич Назарбаев подчеркивает, что «...одним из ключевых факторов успеха всего модернизационного процесса является успешность обновления национальной системы образования». Сегодня она осуществляется по всем приоритетным направлениям.

Современное казахстанское общество характеризуется общественной модернизацией и включением в мировые интеграционные процессы, где ведущую позицию занимает образование.

Президент страны Н.А. Назарбаев поставил достаточно высокую планку перед национальным образованием. Образование должно стать конкурентоспособным, высококачественным, таким, чтобы выпускники казахстанской школы могли легко продолжить обучение в зарубежных вузах. Внедрение в учебно-воспитательный процесс общеобразовательной школы обучения на трех языках — это, безусловно, значительный шаг вперед — в направлении реализации Государственной программы развития образования Республики Казахстан на 2016 – 2019 годы, одной из базовых компетенций которой являются трехязычие, евразийская поликультурность, коммуникативность и технократичность [4, с. 8].

В концепции 12-летнего среднего общего образования Республики Казахстан определена главная цель — формирование и развитие образованной и творческой,